

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдарының библиографиясы

Қарасаев Әмірхан Әтенұлы

Орал -2017

Жәңгір хан атындағы
Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Ғылыми кітапхана

**Қарасаев
Әмірхан
Әтенұлы**

Биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

Орал - 2017

УДК: 012:636:2

ББК: 91.9:46.0

Қ 41

Құраст: Кудабаета Г.А., ғылыми кітапхананың сектор жетекшісі

Шығаруға жауапты: Есенаманова А. Б., ғылыми кітапхананың директоры

Қарасаев Әмірхан Әтенұлы: биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / құраст.: Г. А. Кудабаета, шығ. жауапты А. Б. Есенаманова. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2017. - 48 б.

Биобиблиографиялық көрсеткіш Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты Ә. Ә. Қарасаевқа арналады.

Биобиблиографиялық көрсеткіште жинақталған материалдар профессор Ә. Ә. Қарасаевтың еңбек және ғылыми-педагогтік қызметтегі жолын қамтиды. Басылып шыққан ғылыми еңбектері әр жылға бөлініп, ішінде алфавиттік тәртіппен орналастырылған.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғалымдарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен магистранттарына, білім алушыларға, кітапхана қызметкерлеріне арналады.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы» сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, профессор Әмірхан Әтенұлы Қарасаевтың 90 жасқа толуына арналады.

Биобиблиографиялық көрсеткіште жинақталған материалдар профессор Ә. Ә. Қарасаевтың еңбек және ғылыми-педагогтік қызметтегі жолын қамтиды. Арнайы айдарда Ә. Ә. Қарасаевтың ғылыми әріптестерінің, шәкірттерінің құттықтаулары берілген. «Ғылыми еңбектер» айдарында ғалымның 1967-1999 жылдар аралығында жазылған ғылыми еңбектерінің тізімі берілген. Ғылыми еңбектер хронологиялық тәртіппен реттелген. Ғалымның мал шаруашылығы соның ішінде ірі қара мал шаруашылығы саласындағы жазған көптеген ғылыми еңбектері ауыл шаруашылығы өндірісінде, оқытушылар мен білім алушылар арасында кеңінен пайдаланылуда.

Көрсеткішті құрастыру барысында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-нің ғылыми кітапханасындағы каталогтар мен картотекалар пайдаланылды.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, магистранттарға, ауыл шаруашылық мамандарына, оқытушылар мен білім алушылар қауымына арналады.

Мәліметтер 2017 жылдың мамыр айына дейін жинақталған.

Жақсының әрқашанда жөні бөлек

**Н. Х. Серғалиев,
Басқарма төрағасы-ректор**

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» дейді халық даналығы. 9-мамыр күні ұстаздыққа және руханиятқа адалдық танытып, еліміздің білім-ғылым саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ардагер-ұстаз, танымал ғалым, қарымды қайраткер, абыз-ақсақал Әмірхан Әтенұлы Қарасаев мерейлі тоқсан жасқа толады.

Мерейтой иесі осы бір ерекше күнге оқу-ағарту саласындағы игілікті еңбегінің жемісімен, сарқылмас шығармашылық ізденісімен келіп отыр. Әмірхан Әтенұлының білім мен ғылым саласында 40 жылдай сіңірген еңбегінің өзі үлкен сый-құрметке лайық. 1964 жылдан кейінгі өмір жолы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетімен үндес, сабақтас өрілген мерейтой иесінің білім ордасында қызмет атқарған жылдары қолға алған тиянақты бастамалары мен толымды істері бүгінге дейін әріптестері мен шәкірттерінің жадында.

Әмірхан Әтенұлының бойына біткен табиғи парасат, терең білім, биік пайым оны әрдайым асқақ мұрат, айқын мақсат жолына жетеледі. Ауыл шаруашылығы саласындағы ізденісті, іргелі зерттеулері ғылыми ғибратымен ел дамуына үлкен үлесін қоса білді.

«Шәкіртсіз ұстаз - тұл» екендігін айтар болсақ, Ә. Қарасаевтың тәрбиесі мен тәжірибесін көріп, ұстаз есімін ардақ тұтып жүрген көптеген шәкірттері үлкен жетістіктерге жетіп, тек елімізде ғана емес, шет мемлекеттерде де түрлі салаларда жемісті жұмыстар атқаруда.

Білім мен ғылым үшін ең бастысы – руханиятқа және ұстаздыққа деген адалдық болса, Әмірхан Әтенұлының аманатқа адал ұстанымы мен өнегемен өрнектелген өмір жолы жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Әмірхан Қарасаевтың ұстаздықпен, ғалымдықпен қатар қоғамдық маңызды істердің басы-қасында жүрген қайраткерлігі бір төбе. Осының бәрі нағыз ұлтжанды азаматтың еліне деген перзенттік парызы, азаматтық борышы екеніне де ешқандай күмәніміз жоқ.

Қашанда айналасына даналықтың дәнін сеуіп, биік парасатымен, бекзат болмысымен халықтың ықыласына бөленіп жүрген елімізге сыйлы, жұртымызға қадірлі Әмірхан Әтенұлындай ақсақалымыздың ортамызда жүргені – ортаймас береке.

Ұлы Даланың алып жыршысы, қайталанбас феномен Жамбыл Жабаев:

Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.

Жақсының әрқашанда жөні бөлек,

Жаман адам жарымас бір қымтарға, - деген екен. Жамбыл ақынның осы өлең жолдары Әмірхан Қарасаевтай білім мен ғылым жолында қаншама тер төгіп, арпалысып, қажыр-қайрат жұмсаған алып тұлғаның қайталанбас тұлғасын дөп басып айшықтап тұрғандай.

Әмірхан Әтенұлын өзі ұзақ жыл ұстаздық еткен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұжымы мен білім алушыларының атынан 90 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Елағасы ретінде әлі де ойлы ортадан, келелі кеңестен табылып, егемендігіміздің еңселі, болашағымыздың баянды болуына ізгілікті істеріңізбен қолдаушы бола бергейсіз! Бүгінгідей айтулы мерекеңізде деніңізге саулық, бойыңызға қуат, әулетіңізге амандық тілеймін!

Ұстаз-ғалым тұлғасы

Қ. Қ. Бозымов,

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың құрметті ректоры,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Ұлттық жаратылыстану
академиясының академигі

Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Білімді құрметтемеген, ұстазын қадір тұтпаған шәкірттің ғылымда нәтижеге қол жеткізе алмайтындығы, қол жеткізсе де, тиісінше кәдеге асыра алмайтындығы қасиетті Құранда да жазылған. Тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым ізетпен еске алғаны мәлім. Айталық, Ескендір Зұлқарнайын - Аристотельді, Абылай хан - Төле биді, Шәкәрім - Абайды, Бердақ - Күнқожаны, Жамбыл - Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»

дегендей, олар өздерінің өмірде бағындырған зор асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алатын болған екен.

«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаздың берген тәрбиесі мен өнегесі шәкірттің өмірлік азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық.

Мен де бүгін институт қабырғасында ең алғашқы кураторым болған, әкемдей маңдайымнан сипап қамқорлаған, сөйтіп, азды-көпті өмірімде мәңгілік өшпес із қалдырған өзімнің ұлағатты ұстазым Әмірхан Әтенұлы Қарасаев туралы жүрек түкпірінен ағытылып, көңіл төрінен суырылып шыққан ой-толғанысыммен бөліскім келеді.

Өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарының тоғысында сол кездегі Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының зоотехникалық факультетінде білім алған студенттік жылдар менің өмірімдегі әрі қызықты, әрі құнарлы кезең болды. Пигарев Алексей Родионұлы, Өтегенов Ақмырза Өтегенұлы, Давлетьяров Шаңгерей Хамитұлы, Родина Милица Вячеславқызы, Сатқанов Емқанат Тарихұлы, Қайырғалиев Хамит Қайырғалиұлы, Қамешев Ғазиз, Бектұрғанов Қайыр Құрақұлы, Бектұрғанова Надежда Жұбайқызы, Қарасаев Әмірхан Әтенұлы сындығалым-ұстаздардың дәрісін тыңдап, ұлағатты сөздерін жүрекке құйған ғажап шақтар еді ол.

Сол күндері біздің курстағы студенттерді айрықша баурап алған оқытушы Әмірхан Әтенұлы болатын. Орта бойлы, қара торы, қыр мұрынды, кең маңдайлы, өткір көзді, батыл ойлы, байсалды лектордың әрбір сөйлемі шешендікпен өрілген дәрістері барған сайын әрқайсымызды баурай түсетін. Талапты өте жоғары қойды, сабаққа кешігіп келген студентті «Сенің пойызың баяғыда кетіп қалған» деп, аудиторияға кіргізбей шығарып жіберетін. Киген киімі мұнтаздай тап-таза, өте ұқыпты, жүріс-тұрысы да, сөйлеген сөзі де, студенттерге берген тапсырмасы да, бәрі де жүйелі болатын. Әмірхан Әтенұлының әр сөзін қалт жібермей ұғып алуға тырысатынбыз. Бұл ұстаздың терең білімі мен тамаша шешендігіне шәкірттік көңілмен бас игендіктің белгісі болар.

Жанымызға ерекше жақын тұтқан оқытушының кім екенін, қайдан келгенін сұрастырып қарасақ, институтқа келмес бұрын облыстың ең мақтаулы шаруашылықтарында шыңдалып, Алматыдағы аспирантураны бітіріп, кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап үлгерген біліміне білігі келіскен жан-жақты маман болып шықты. Бұлай қызығушылық танытуымыздың тағы бір себебі, Әмірхан Әтенұлы біздің топтың алғашқы тәлімгері болды. Кілең ауылдан келген қазақ балаларымыз, арамызда орысша жөнді білетін бірлі-жарым адам ғана. Олардың өзі әскерде болып, солжақтан орыс тілін аз-мұз үйреніп келгендер. Әскери өмірдің дәмін татқандардың қатарында мен де бармын. Тәлімгеріміз топпен танысқан алғашқы күннен бастап-ақ студенттерге бауырмалдық көрсетіп, өзіне тартып, ағалық ілтипатын білдірді. Сөзді бабымен, желісімен, ұйқастырып айтады да, кімнің қалай түсінгенін, алған әсерін, айтар пікірін сұрайды. Педагог ретінде алдындағы әр шәкіртінің жүрегіне терең үңіле білетін, сол арқылы әрқайсымыздың мінез-қабілетімізді айнымай танитын. Ата-аналармен де тығыз байланыс жасап, оқу мен тәрбие жұмысын ұштастыра жүргізетін. Институт бітірген соң да өз тобындағы студенттердің тағдырына алаңдады.

Оқу бітіріп, өзіме білім берген университетке қызметке қалдырылған маған Әмірхан Әтенұлымен бұрынғыдан да жақындаса түсуге мүмкіндік туды. Ұстазымыз да әріптес санатына қосылып, ізінен ерген шәкірттеріне ағалық қамқорлық танытты. Ақыл-кеңесін айта жүріп, қызық-қуанышымызбен бөлісті. Балаларымыздың атын қойысты. Үлкендер қайтпас сапарға кеткенде көңіл жұбатты. Осыдан кейін ұстаз-шәкірттік қалпымыз бұрынғыдан да нығая берді, былайғы өмір-тіршіліктегі қарым-қатынас жинақтала келе менің тағдырыма да үлкен әсері болды деп ойлаймын. Өйткені бүгінгі күнге дейін қандай істі тындырсам да, ғылым жолында қандай сатыларға көтерілсем де, Әмірхан Әтенұлының бағыт-бағдар беріп, жөн сілтеуіне байланысты еді.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде табан аудармай қырық жылға жуық ұстаздық етіп, ауыл шаруашылығы ғылымының биік тұлғалы қайраткері дәрежесіне жеткен Әмірхан Әтенұлы туралы ойланғанда ең алдымен жас шәкірт шағымыздағы осынау бір алғашқы әсерлі шақтар еске түседі. Ә. Қарасаев менің өмірімде ең алдымен ұстаз ретінде, одан соң ғибраты мол ғалым тұлғасында айрықша орын алады. Ұстазға қарап бой

түзедік, ой жүйеледік. Оқуға құштарландық, кітапқа жақын болдық, ғылым жолына түстік. Өзіміз де ұстаздық жолды тандап алдық.

Белгілі бір мамандықты жақсы көру бар, алайда оның ішкі қырсырын да жақсы түсіну керек. Зоотехникалық мамандықты танып білудің кілтін біздің қолымызға ұстатқан Әмірхан Әтенұлы болды. Сондықтан менің ұстаз-ғалым ретінде қалыптасуыма, бүкіл ғұмырымды жоғары білім саласына арнауыма, осы салада әлі де жүруіме бірден-бір себепші болған ұстаздарымның біреуі – Әмірхан Қарасаев болды деп толық дәрежеде айтар едім.

Ұстаз өмірінің мәнді де сәнді болуына оның өн бойындағы адал қасиеттер әсер еткені сөзсіз. Білікті педагог, өз заманының дара тұлғасы, ұлағатты ұстаз осы жасына дейін қызметтің сан сатысынан өтіп, әріптестерінің ыстық ықыласына бөленген Әмірхан Әтенұлының ғылыми демеушілігімен тек бір ғана зоотехникалық факультетінен 40-тан астам ғылым кандидаты, 6 ғылым докторы қанат қақты. Олардың қатарында ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторлары, профессорлар Балұаш Траисов, Ғұсман Молдашев, Едіге Насамбаев, Аманкелді Дарбаев, Аманкелді Рүстемов және осы жолдардың авторы бар.

Жалпы Әмірхан Әтенұлын танитын, жақыннан білетін адамдардың бәріне белгілі бір жай бар. Ол – ұстаз ағаның кіммен болса да кісілік қарым-қатынас жасауға бейімділігі, үлкенмен де, кішімен де тез тіл табыса біліп, үйіріп әкететін қарапайымдылығы. Ылғи да жақсылығымызға қуанып, кемшілігімізге мұңайып, қамқорлық жасаған сәттері ұмытылмайды.

Есімде қалған бір оқиғаны баяндайын. 1985 жылы университетте үлкен бір дау шығып, ұжымда қиын жағдай орын алды. Бір жас оқытушының қызметіне мін тағылып, ісі партия комитетінің жиналысында қаралды. Бұл Кеңестік партияның дәурені жүріп тұрған кез. Мен ол кезде факультеттің партия бюросының хатшысымын, жұмысты тиісті дәрежеде атқара алмадың деп айыптап, таяқтың бір ұшы маған да тиді. Бәрі кезек-кезек сөйлеп жатыр, жағдай ушығып барады. Біткен жеріміз осы болды деп ұнжырғам түсіп отырғанда Әмірхан Әтенұлының таныс қоңыр даусы естілді. Елең ете түстім. «Жолдастар!-деді ол сол кездегі тәртіп бойынша – Жастарды кінәлап, тұқырта беруге болмайды. Бүйте берсек, жастардың жұмысқа деген ынтасын қашырып аламыз. Өз басым жастардың жұмысына ризамын», - деді батыл үнмен. Ұжымға сыйлы, облысқа танымал, тәжірибелі ұстаз-ғалымның осы пікірі әсер еткен

болу керек, жиналыс соңында біздің мәселеміз оңынан шешілді. Ой еркіндігі, сөз бостандығы салтанат құрған қазіргі заманда бұл қалыпты жағдай болып көрінуі мүмкін. Өйткені тәуелсіз елміз, империялық бағыттағы саяси қысым, бір жақты көзқарас жоқ. Ал партияның уақытында басшылыққа қарсы шығып, бізді қанатымен су сепкен қарлығаштай қорғап қалған Әмірхан Әтенұлының бұл іс-әрекеті нағыз ерлік десем артық емес. Осы жайттан кейін заманның ығымен жүруді емес, өмірдің шындығына ғана жүгінуді білетін ұстазыма деген мақтаныш сезімі жүрегіме берік орнап алғандай.

Әмірхан Әтенұлы әке-шешеден ерте жетім қалып, тағдырдан көп теперіш көрсе де, өмірдің ащы сынағы сағын сындырмаған, жүрегін қатайтпаған қайсар жан. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» Абай данагөй айтпақшы, керісінше, жылт еткен жақсылыққа балаша қуанып, барға қанағат, жоққа салауат айтып, қажыр-қайратын жани түсу арқылы табандылық пен төзімділікке дағдыланған.

Түбі жақсының тегі жақсы. Осы тұста Әмірхан Әтенұлының тәлімі жөргенінен қалыптасқан десек орынды. Тағдыр шыңдаған өнегелі өмір иесі 1927 жылдың 9 мамырында Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданының құмында дүниеге келген. Әмірхан Әтенұлының ұзақ жылғы ғұмырының бақыт құшағында қалықтаған ең мамыражай шағы – әкесі Әтен мен анасы Қиуаның шексіз махаббатына бөленіп, бұлаң қағып өскен балалық шағы. Әтен Қарасайұлы сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу, Астраханның 2 кластық мұғалімдер мектебін тәмамдаған білімді азамат болған екен. Жүзі келісті, сөзі жүйелі әрі байыпты Әтен Кеңес өкіметі орнай салысымен жаңа арнаға бет бұрып, болыстың тілмаш-хатшысы болып істеген. Қазақ халқының дені сауатсыздығынан, орысша тіл білмегендіктен орыстың саудагерлерімен, әкім-қарасы мен шабармандарымен түсінісе алмай, соның кесірінен алым-салыққа ұшырап, дауға кезігіп, әділдікке жете алмай зар қағып жүретін. Осы әділетсіздікті көре тұра жаны күйзелген Әтен Қарасаев өмірін ұстаздыққа арнап, халықтың сауатын ашып, қатарға қосуға бел байлайды. Халықтың көпшілігі тек ескіше хат танумен ғана шектелген сауатсыз уақыт болғанына қарамастан, Әтен мұғалім болашақтың кілті білімде екенін ауылдастарына түсіндірумен болады.

1923 жылы Қамыс самар мектебі алғаш ашылып, жас балалармен қатар ересектер де сауаттарын аша бастайды. Ауылдың қарадомалақ балаларымен бірге жалғыз ұлы Әмірханның да оқыған-

тоқығаны мол, көкірегі ояу, санасы сергек азамат болып ержетуін армандаған. Сондықтан да болар, жасы беске толар-толмас шағында өзі сабақ беретін Қамыс самар мектебіне оқуға берген. Бір жағынан, өй-өрісі мен мінез-құлқының ортаға бейімделуі, білімге ерте жасқан ынтызарлығын ояту болса, екінші жағынан осы әрекеті арқылы ауылдас ағайынға үлгі көрсету, балаларды білімге жетелеу болған. Өтен ұстаздың ұлымды білімді, көргенді азамат етіп тәрбиелеп шығарсам деген әкелік, ұстаздық асқақ арманы орындалмаған күйі қалды. Кенеттен киліккен ауыр науқас қайраты тасып, жігері жанып тұрған қырық жастағы азаматтың өмірін орта жолдан үзіп әкетті. Бұл Әмірхан Өтенұлының тағдырдың қатал сынағымен ең алғаш рет бетпе-бет келуі еді. Бойы өсіп, бұғанасы қатпаған тоғыз жасар бала болса да, әкесінің өлімі жүрекке жазылмастай дақ салды. Орындалмай кеткен арман, үзілген үміт, сөнген шырақ. Білімнен сәуле шашпаққа ұмтылған ұстаз жүрегінің мәңгілікке тоқтауы. Ақтық демі үзілер алдында жалғыз ұлы Әмірханды шақырып алған Өтен ұстаз: «Тағдырдың болмысына еш нәрсе көлденеңнен тұра алмайды. Өмірге келген пенденің өмірден өтуі де хақ. Тек, өкініштісі алды-артында ешкім жоқ, жалғыз қалып барасың. Қазақта «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» - деген мақал бар. Бірақ та ата-тегіңе, ата-бабаңның аруақтарына сыйын. Құдайға жалбарынсаң, алдыңнан сәуле шашып, өміріңді сәндендірер де, тұлғанды мәндендірер. Кеңес үкіметі ата-атаңды жоқтатпай, қамқорлыққа алар, оқытар, тәрбиелер, болашаққа жетелер. Тек оқудан қол үзбеуге тырыс. Қиындықпен күресе біл. Құрбы-құрдастарыңнан кем қалмауды естен шығарма. Үкіметке, қоғамға адал еңбек ете біл, азамат болып өс, айналайын жалғызым» деген соңғы өсиетін айтады.

Араға екі жыл салып, ақ сүтін беріп, аймалап өсірген аяулы анасы да өмірден өткен Әмірхан үшін нағыз тіршілік үшін жанталас енді басталады. Жапанда жалғыз қалып, пұшайман болған оған әкесінің інісі Шәпен пана болады. Шәпен де ағасы Өтен сияқты терең білім алған, Омбының рабфагы мен политехникалық институтын бітіріп, инженер мамандығын алған көзі ашық азамат болады. Казталов аудандық жер-су бөлімінің бастығы болып қызмет атқаратын ол бауыры Әмірханды қамқорлығына алып, сауатты адамдар қатарына қосуға тырысады. Әйткенмен, Шәпен ағасын небәрі отыз жасында Халық жауы деген айыппен ұстап әкетеді де, жиырма жылға соттап, Краснояр өлкесіне жер айдап жібереді.

Шәпеннің отбасында жұбайы мен екі баласы, анасы мен кенже інісі Арош және Әмірхан жылап-сықтап, улап-шулап қала береді.

«Адамның басы, Алланың добы» демей ме? Халық жауы деп ұстап әкеткен күннен бастап-ақ Шәпеннің отбасына қатердің қара бұлты төнеді. Қойы қоралас, үйі аралас отырған ауыл түгелдей бұлардан теріс айналады. Өйткені жақындап кетсем, маған да кесапаты тиеді деп үрейленеді. Халық жауының сарқыншағысың деп, түртпектейтіндер көбейіп, тұрмыстары тарыла бастайды. Бір кездегі абыройлы, құрметті, сыйлы болған отбасы енді ел ішінде отырып, жапандағы жалғыз үйдің кебін кешеді.

Тұрмыстары әбден титықтағасын 1938 жылдың жазында жаяулап, жалпылап, әбден азып-тозып, бір жұма жол жүріп, Жаңақалаға жетеді. Өйткенмен халық жауының бауыр-бала-шағасы деп мұнда да тыныштық бермей, кенже ағасы Ароштың мамандығы агроном бола тұра, ауылда жұмысқа алмай, әбден қиналады. Өрең дегенде, ағасы мен жеңгесіне жұмыс табылады, бірақ табысы мардымсыз болғандықтан, жағдайлары аса түзеле қоймайды. Ішерге ас, киерге киім, жатарға орын таба алмай жүрсе де, Әмірхан сабақтан қол үзбеуге тырысып бағады. Күндіз ауыл мектебінде оқуын жалғастырып, кешке қарай балық аулап, шиеттей бауырлары мен жеңгесінің асыраушысына айналады.

Сөйтіп, ауыр күндер өтіп жатады. «Аққа Құдай жақ демей ме?» жалған жала жабылып, Краснояр өлкесіндегі Канск қаласына жер аударылған Шәпен ағасы абақтыдан босап, елге оралады. Аса азапты күндер мен түндерді бастан өткеріп, құр сұлдері сүйретіліп, жүйкесі әбден тозып, қатты қартайып кеткен. Келген бойда отбасын алып, інілері Арош пен Әмірханды ертіп, өзінің қайын жұртына, Омбы облысына көшіп кетеді. Қиянат көрген боздақтың ғұмырын 1941 жылы басталған Отан соғысы жұлып әкетеді. Соғыс басталған жылы 12 тамызда әскерге алынып, небәрі 35 жасында Мәскеу түбіндегі қиян-кескі шайқаста мерт болады. Екінші ағасы Арош та 1942 жылы Жаңақаладан майданға аттанып, Сталинград шайқасында қаза табады. Арманда кеткен әкесі Өттенің, сұм соғыста қыршынынан қиылған арыстай ағалары Шәпен мен Ароштың көзіндей болып жалғыз қалған Әмірхан тағдырмен тайталаста осалдық танытпауға, қандай қиындық кездесе де, жеңіп шығуға іштей бекініп, өзіне ант береді.

Әкесінің «Өттең, жалғыз қалып барасың» деген зарлы үні құлағынан еш кетпейді. «Оқудан қол үзбе, білімге ұмтыл» деген

өсиетін орындау шындықтан гөрі, арманға айнала бастайды. Жаңақаладан қазақша 8 класты бітірген соң, отбасының жалғыз асыраушысы ретінде барлық жауапкершілік Әмірханға түсіп, оқуын әрі қарай жалғастыра алмай қалады. Әр жерден жер аударылып келген 14 ұлт өкілі Сібірдің сарышұнақ аязы мен аптап ыстығында аш-жалаңаш жүріп совхоздың малын бағады. Аяқтарына кигені шикі теріден бүгілген шапата, жазда киетіндері ағаш табан бәтеңкі. Тәулігіне 16-18 сағат жұмыс істегенде бар тапқаны 1,5 литр сүт пен 400 грамм сұлының шикі наны болған. Тәртіп өте қатал. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранға бағындырылған. Қазақтар итжеккен деп атайтын Сібірдің бір совхозында жүрген Әмірханға Құдайдың қарасқаны ма, бұрынғы ферма бастығы ауысып, орнына Өмірбек Жанпейісов деген жас қазақ жігіті келеді. Фермадағы өзге ұлт өкілдерінің ішіндегі жалғыз қазақ Әмірханға туған бауырындай қамқор болады. Қиындыққа мойымай, керісінше ерік-жігерін жани жүріп ширатылып, қай міндетті жүктесе де, бар ынтасымен істейтін Әмірханның еңбегін лайықты бағалайды. Екі жылдан кейін, яғни 1943 жылы өрімдей жастығына қарамай бригадир етіп тағайындайды. Әмірхан өзінің өткен малшы кезін есінен шығармас үшін киген шапатасын көрнекті жерге іліп қойып, кірген-шыққан сайын үнемі қараумен жүреді. Малшылар ауырып, жұмысқа шыға алмай қалса, олардың орнына өзі мал бағуға шығады. Білімге деген құштарлық бір сәтке болса да бәсеңдемейді, оның үстіне Өмірбек ағайы да Әмірханға: «Қайткенде де оқуға бар. Онсыз өмірің мәнді болмайды, реті келсе мен сені оқуға жіберемін» деп қанаттандырып, жігерін жанып отырады. Сөйтіп, 1943 жылы мал мамандарын даярлайтын техникумның 6 айлық курсына оқуға түсіп, оны 1944 жылы ойдағыдай бітіріп, мал маманы қатарына қосылады. Бірақ бұл алған білімінің тайыз екендігін, мамандығының шала екендігін естен шығармайды. Шәпен ағасының отбасын асырай жүріп, әке парызын орындауды, білімге құлаш сермеуді армандайды. Совхозда тағы төрт жыл жұмыс істегеннен кейін, мемлекеттік емтихан тапсыруға жіберуді өтініп, ауыл шаруашылығы министріне хат жазады. Министрдің рұқсатымен 1948 жылы Ленин атындағы ауыл шаруашылық техникумына мемлекеттік емтихан тапсырып, кіші зоотехниктің үздік дипломын алады. Одан Одақтың ауыл шаруашылық министрлігіне арыз жазып, Батыс Қазақстан облысына жіберуді өтінеді. Жолдама бойынша 1949 жылы Фурманов ауданындағы № 28 жылқы зауытына аға зоотехник болып жұмысқа

қабылданады. Әмірхан Әтенұлы Солтүстік Қазақстанда істеген 8 жылдық тәжірибесін шаруашылықта қолдана бастайды. Малдың өнімділігін арттыру үшін жас бұзаулары салқын қорада өсіру әдісін іске асырады. Үйді-үйге таратылып, жылы пештің жанында өсірілген бұзауларға қарағанда, уызды тойып еміп, енесінің қасында салқын қорада қалдырылған бұзаулар жедел, ширақ өсе бастайды. Кейін Әмірхан Әтенұлының бұл тәжірибесі іс жүзінде дәлелденіп, 1952 жылы «Казправда» газеті бұл туралы «По методу Караваевцев» деген мақала жариялайды.

Күндердің күнінде зауытқа Харьков институтын бітірген жас мамандар келеді. Олардың жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, білімінің тереңдігі Әмірханды таңқалдырады. Білім-ғылымға деген ынтызарлығы қайта оянып, 1952 жылы Сарытаудың зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына түсіп, оны 1957 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Институттағы оқу мамандықтың көкжиегін кеңейтіп, теориялық білімнің өндіріспен егіз екендігін ұғынуға ықпал етеді. Дипломын қолына алған жас маманды Якут республикасына жолдамамен аттандырмақшы болады. Туған жерге барып, еңбек етуге бекінген Әмірхан Әтенұлы Қазақстанның Одақтағы депутаттарына өтініш жазып, Батыс Қазақстан облысына жіберуін өтінеді. Оралдағы совхоздар тресіне, «Краснов» астық совхозына бас зоотехник болып тағайындалады. Келісімен совхозда сүт өндіруге, қосымша шошқа мен құс өсіруге болатынын мәселе етіп көтереді. Сүт малын іріктеп, өнімін арттырып, Орал сүт зауытына күніне 15 мың литр сүт жіберіп отырады. Малшыларды іріктеп, олардың кәсіподақ комитеті арқылы ынталандырып, есеп-қисапты тиянақтап, малды асылдандыруға бет бұрады. Шаруашылықты дөңгелентіп әкеткен бас зоотехниктің еңбегі ескерусіз қалмайды, есімі тағы да газет беттерінде жазылады.

1958 жылы Тайпақ ауданының Есенсай совхозына жұмыс ауыстырған Әмірхан Әтенұлы мұндағы малдың сапасы төмен екенін, төрт түліктің аралас бағылатынын, егін жоқтың қасы екенін байқайды. Дереу істі өз қолына алып, жылқылар мен ет малын, қаракөл қойлары мен биязы жүнді қойларды бөлек-бөлек фермаларға шоғырландыруға кіріседі. Ұрықтандыру бекеттерінің жұмысын жолға қойып, ірі қараны асылдандыру қолға алынып, мал дәрігерлеріне қойылатын талаптарды күшейтеді. Ыждағаттылықпен, табандылықпен атқарылған жұмыс өз нәтижесін беріп, екі жылдан соң совхоз мал өнімділігі бойынша мол жетістіктерге жетеді. 1961 жылы наурызда өткен сайлауда Әмірхан Қарасаевты аудандық кеңес

депутаттығына сайлап, аудандық кеңес төрағасының бірінші орынбасарлығына ұсынады. Абырой-беделден кенде емес Әмірхан Әтенұлының мұндай жауапты басшылық қызметті де ұршықтай үйіріп әкелері кәміл еді. Бірақ таразының екінші басына Алматыдағы аспирантураның оқуын салған Қарасаев тағы да басты таңдауды білімнің пайдасына шешеді. Үнемі оқу, іздену, өзін-өзі ұдайы жетілдіріп отыру Әмірхан Әтенұлының әке қанымен дарыған, жастайынан қалыптасқан, жыл артқан сайын жетіліп отырған ең басты қасиеті десем артық айтқаным емес. Аспирантурадағы оқуын 1964 жылы үздік бітіріп, ғылым кандидаты атанып, жолдамамен Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтына жұмысқа орналасады. Мұндағы мақсат – шаруашылықта жинақтаған азды-көпті тәжірибесін, институт пен аспирантурада алған білімін өзгелерге үйрету, ауыл шаруашылығына қажетті білімді, білікті, бәсекеге қабілетті жас мамандар тәрбиелеу арқылы елдің ауыл шаруашылығы саласын дамыту. Нәпақасын малдан тауып отырған ауыл халқының тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына үлес қосу.

Құрылғанына бірер жыл ғана болған Ауыл шаруашылық институтына Әмірхан Әтенұлы сияқты еңбекте ысылған, зор ұйымдастырушылық қабілетке ие, тәжірибелі мамандар ауадай қажет еді. Оның үстіне жас ұстаздың білгенімді жастарға үйретсем, институттың қажетіне жарасам деген ұмтылысы айқын байқалып тұрды. Қазақшаға да, орыс тіліне де жатық Әмірхан Әтенұлы терең білімімен қатар асқан байыптылығымен, қарапайымдылығымен және өзгенің жағдайымен санасып тұратын кісілігімен шәкірттерінің жүрегін баурап алды. Әмірхан Әтенұлының ғылыми демеушілігімен тек бір ғана зоотехникалық факультетінен 40-тан астам ғылым кандидаты, 6 ғылым докторы қанат қақты. Олардың қатарында ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторлары, профессор Балуаш Траисов, Ғұсман Молдашев, Едіге Насамбаев, Аманкелді Дарбаев, Аманкелді Рүстемов және осы жолдардың авторы бар.

Институтта ұстаздық еткен қырық жылға жуық еңбек жолында Ә. Қарасаев 300-ден астам ғылыми мақала мен 15 монография жазды. Оған қоса республикалық және облыстық басылымдарда ауыл шаруашылығы саласының экономикасын, мал шаруашылығының технологиясын жетілдіруге, кадрлар даярлау ісіне, озат тәжірибелерді насихаттауға, мал басын көбейтіп, сапасын арттыруға бағытталған 300-ден астам мақала жазған. Ұзақ жылғы ерен еңбегі үшін «КСРО жоғары оқу орындарының үздігі» атағын иемденген. Республикалық

санаттағы лектор, облыстың «Таңдаулы лекторы» деген құрметке ие. Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің грамоталарымен, Елбасы Н. Назарбаевтың Алғыс хатымен, «Ерен ерлігі» үшін медалімен марапатталған. Білім ордасының қалыптасуы мен дамуы, кемелденуі жолында бар күш-жігерін сарп еткен ұлағатты ұстаздың есімі университеттің Құрмет кітабында алтын әріптермен жазулы тұр. Республикалық батагөйлер сайысына қатысып, «Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер» аталымы бойынша Қожа Ахмет Яссауи атындағы дипломмен марапатталған. 12 жыл университеттің ардагерлер кеңесіне төрағалық еткен Әмірхан Әтенұлы зейнеткерлікке шыққасын Орал қалалық ардагерлер кеңесін де басқарды. Қолынан қаламын тастамай, жастарға рухани азық болар құнды дүниелер жазып, шығармашылықпен айналысып келеді. Жеңгеміз Ажар Қарасаева ұзақ жылдар облыстық теледидар, радио комитетінде жұмыс істеген, қазір құрметті зейнет демалысында. Әмірхан Әтенұлы өмірде қандай қиындық көрсе де бәрін терең біліммен, ақыл-парасатымен жеңе білген, өмір жолы мен еңбегі кейінгі жастарға үлгі болған жан. Бүгінде ол ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көріп отыр. Үш қызы еліміздің өркендеуіне қызмет етуде. Абыз-ақсақал, абыройлы ел ағасы, ардақты ата ретінде қуанышқа бөленіп келеді.

Асылдың сынығы, алтынның ұшқыны Әмірхан Қарасаев бүгінде ұзақ жылғы қажырлы еңбегінің зайырлы зейнетін көріп, шәкірттері мен жерлестерінің ыстық ықыласына бөленіп, мәнді де мағыналы ғұмыр кешуде. Ұстазыма қыршын кеткен әкеңіз бен қос ағаңыздың көре алмаған қызығы мен сүре алмаған жасын құдіреті күшті Алла тағалам өзіңізге берсін, жан-жағыңызға сәулеңізді түсіріп, жүз жасаңыз деген жүрекжарды тілегімді айтқым келеді. Жасымыз жетпісті алқымдаса да, ұстазымыз барда біз әлі шәкіртпіз, Жаратқан осы бақытымыздан айырмасын.

9 мамыр күні тоқсан жасқа толғалы отырған мерейтой иесіне мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырағына бақыт пен ырыс-береке тілеймін! «Шежірелі қартың болса, жазып қойған хатпен тең» демекші, Әмірхан Қарасаевтың өмірі мен еңбек жолын, жастарға айтар тағылымды істерін насихаттау біздің міндетіміз деп білемін.

Ғасырларды жалғастырған ғұмыр

Ә. Ш. Шамғонов,

ізгі ниетпен,

үзеңгілес келе жатқан інісі

Адам баласының ғұмыры уақыттың алуан түрлі шым-шытырық сұраныстарына лайықты әрекеттерімен өтеді деуге болады. Уақыт қажымай талмай кедергілерге төтеп бере отырып төзімділік танытып, іскерлік, батылдық пен адамгершілік келбетін сақтай жүріп, атқарған қомақты жұмыстарын бітіре беретін тұлғаларды сұрыптап айшықтады. Осындай тұлғалардың бірі – екі ғасырдың тұтқасын тең ұстаған өнегелі өмірін ұрпаққа мұра етіп отырған Әмірхан Әтенұлы Қарасайтегі.

Әмірхан Әтенұлы 1927 жылы мамыр айының 9-шы жұлдызында дүниеге келген. Әкесі Әтен сауатты, Жаңақала ауданы мектептерінде мұғалім болған, 1936 жылы, ал анасы 1939 жылы қайтыс болған, яғни 12 жасар жеткіншек жетім қалды деген сөз.

XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы елдегі саяси ахуалдың қандай болғаны жұртқа аян. Бас көтерген Шәпен ағасы, кезінде Жаңа-Сібірдің политехникалық институтын бітірген инженер Облыстық партия комитеті жүйесінде қызмет жасап жүргенде «халық жауы» ретінде істі болған, кейін Ұлы Отан соғысы майданында қаза болған, кенже ағасы Арош та 1942 жылдың көкек айында майданға алынып, Сталинград маңындағы ұрыста 27 жасында хабарсыз кеткен, сөйтіп Әбекең тіректерінен айрылып, Солтүстік Қазақстан облысы колхоздарында әртүрлі қол жұмыстарды атқарып, тұрмыстың азабын бір кісідей көтерген.

Әмірхан Әтенұлы ол күндер туралы «көрген қорлық, естіген боқтық, жасалған зорлықтың есебі жоқ, «ит қырық жанды» дейді ғой» деп еске алады.

«Әлемдік гармония» деген бар, бір кездегі азап, қиындық, бір кезеңдерде оңдалып, оңды үрдіспен ауыса береді, сөйтіп, Әбекең ғұмырында да жаңа табысты белестер басталып кетеді. 1948 жылы Әбекең Ленин атындағы ауыл шаруашылық 6 айлық курсты аяқтап, кіші зоотехник мамандығын алды. 1949 жылы Фурманов атындағы 28-ші жылқы зауытына аға зоотехник дәрежесіндегі жұмысқа орналасып, 1952 жылға дейін жұмыс жасайды.

1952 жылы Саратов зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына емтихансыз қабылданып, оны ойдағыдай 1957 жылы аяқтайды.

1961-1964 жылдары Алматыдағы мал-шаруашылық институты аспиранты, 1964 жылы мамыр айында жолдамамен Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтына жұмысқа орналасып, қатардағы оқытушыдан институттың кафедра меңгерушісі, професор дәрежесіне дейін көтерілді. Әмірхан Әтенұлы Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы үшін мыңдаған маман даярлауға атсалысты.

Мен Әмірхан Әтенұлын осы кезден танып-біліп, жанұя деңгейінде тығыз араласып, ұстаз-аға, абыз ретінде қатты қадірлеп, қатар жүрдік. Әбекең тамаша мал маманы. Білімі терең, ғалым, әдебиетті, өнерді аса қадірлейтін абыздық деңгейдегі тұлға. Қазақтың шешендік сөздері мен эпостарын таңды-таңға оздырып, жатқа айту бұл кісінің өрлік мінезінің, қайсар қажырлығының қырларын айшықтай түскендей.

Әмірхан Әтенұлы қандай қиындық жағдайда да жүрегін кір шалдырмай осы уақытқа дейін денесіне кесел жұқтырмай осы ұзақ жасқа сергек қажымас қайратпен келіп отыр.

Әмірхан Әтенұлы Республика мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы ғылымына сыбағалы үлес қосқан тұлғалардың бірі.

Әмірхан Әтенұлы тек ғалым емес, ол үлкен қоғам қайраткері. Ол тек университет өмірінде емес, облыс көлемінде қоғамдық жұмыстарға араласып, айшықты жұмыс жасады.

25 жыл бойына облыстық «білім» қоғамының ауыл шаруашылық білімдерін насихаттау секциясына жетекшілік етті, «облыстың таңдаулы лекторы» деген атақ алды.

Әмірхан Әтенұлына әңгіме айтқызудың өзі бір тәлім сабақ. Айтқан әңгімелерін терең мазмұнымен, рет-ретімен ешнәрсе тастамай фактілерімен майын тамызады.

Әмірхан ағай көп жылдар университетіміздің ардагерлер кеңесінің төрағасы болып, кейіннен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып, көптің көңілінен шығып, қажырлы дауқымды жұмыс атқарды.

Әбекең туыстық, жолдастық, жол-жоралғыларға үлкен мән береді. Осы маңдағы «Дауымшарлар» бас қосатын үлкен шаңырақ иесі. Өмірлік серігі Ажар екеуі бүгінгі күнде қыздарының тұрмыс-тіршілігіне қуанып, солардан өрбіген ұрпақтарын тәрбиелеуде. Үлкен қызы Санкт-Петербуркте тұрып жатса, кіші қызы Ардақ экономика саласының білікті маманы, экономика ғылымдарының кандидаты.

Бейнеттің де зейнеті болады дегеннің шындығын іздеген жас ұрпақ осы Әмірхан Әтенұлының өмір жолына үңіліңіздер.

Ғасырларды – ғасырға тіркеп, адами парасаттылық ережелерін қалт жібермей, зайырлы ғұмыр сүрген аға буын ағаларымыз аман жүрсін.

Қадірлі Әмірхан Әтенұлы, 90 жастың да ар жағында жылдар бар, соны ескерерсіз. Деніңізге саулық, жанұяңызға амандық тілеймін!

Ұлағатты ұстаз, азамат

Б. Б. Траисов,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының
докторы, профессор,
ауылшаруашылығы
ғылымдары
академиясының академигі

Амансызба, Ағайын!
Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсақ жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін!

деп, елімізде тыныштық болсын, береке болсын, жастарымыз білімді де білікті болсын деп жүрген, тек өз өлкемізде ғана емес, күллі республикаға танымал жайсаңымыз, өрісі биік, ел мақтанышына айнала білген тұлғаның бірі - ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор, ғалым, ұстаз Әмірхан Әтенұлы Қарасаев биыл 90 жасқа толып отыр.

Әмірхан Әтенұлының есімін ауызға алғанда еліміздің алдында еңбек сіңірген қайраткер екендігі ерекше құрметпен айтылады.

Әмірхан Әтенұлы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының құмында 1927 жылы 9-шы мамырда өмірге келді.

Жаңақаланың топырағында туып-өскен Әмірхан Әтенұлына Табиғат – ана сергек көңіл, ұшқыр қиял, нәзік сезім, темірдей төзім берген деп ойлаймын. Балалық кезі еліміздегі ең қиын, ең ауыр соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Ата-анасынан бірдей жетім қалып,

жастайынан өмірдің әділетсіздігімен, қиындығымен, сынағымен күресуге мәжбүр болды. Қайсарлығы, батылдығы, өресінің кеңдігінің арқасында маман болып, азамат болып қалыптасты.

Әмірхан Әтенұлының ғұмыры, ұстаз-ғалым ретінде өсіп-жетілуі бұрынғы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты, қазіргі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетімен тығыз байланысты. Зоотехния факультетінде ассистент, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі лауазымына дейін өсті, профессор атағына ие болды.

Университетте жоғары білімді кадр даярлауға үлкен үлесін қосты. Зоотехния мамандығы бойынша Ә.Қарасаевтан білім алып шыққан мамандар еліміздің түкпір-түкпірінде ұстаз абыройын асқақтатып, лайықты жұмыс жасауда. Профессор Ә. Қарасаев көптеген ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектердің авторы. Әмірхан Әтенұлының оқулықтарын, ғылыми еңбектерін, мал шаруашылығы бойынша оқитын студенттер мен магистранттар, докторанттар пайдаланып келеді. Сонымен қатар Әмірхан Әтенұлы сегіз қырлы бір сырлы азаматтың бірі, тек қана ұстаз емес ақындық, шешендік қасиеттерімен де ерекшеленеді. Республикалық деңгейде өткізілген батагөй ақсақалдар сайысына қатысып, бас жүлдеге ие болғанын білемін. Мен Әмірхан Әтенұлының шәкірттерінің бірімін. Әмірхан Әтенұлымен алғашқы рет бірінші курс бітіргеннен кейін Қаратөбе ауданы, Қоскөл совхозында қой қырқымы маусымында кездестім. Кафедрадағы біздің студенттерге жетекші болып қасымызда бір ай болды. Кейін төртінші, бесінші курстарда ірі қара шаруашылығы пәнінен сабақ берді. Ағамыздың лекциясына бірде-бір студент кешігіп келмейтін, кешіккен студенттерге аудиторияға кіргеннен кейін «Айналайын, пойыз баяғыда кетіп қалды. Ендігі Ростошадан өтіп, Тасқалаға жетті. Сен әлі вокзалда жүрсің» деп айтатын еді. Сол кезде кафедра меңгерушісі лауазымын атқарды. 1977 жылы институт бітірген кезде білім беріп, өмірге жолдама сыйлаған ұстазым. Маған оқу бітіргеннен кейін институтта ғылыми қызметкер болып қалуға ағалық ақылын айтып өз септігін тигізді. Сол 1977 жылдан бастап ағамыз зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін бірге жұмыстас және әріптес болдым. 1996 жылдың қаңтар айында мені университеттің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры лауазымына тағайындағанда Әмірхан Әтенұлы университетке қадірлы жұмыс жаса, адал бол деп өз батасын берді. Ақ адал

батасының арқасында өзіміздің университетте 17 жыл проректор болып еңбек еттім.

Әмірхан Әтенұлының көптеген шәкірттері облысымызда, республикамызда әр түрлі лауазымды жұмысты атқаруда. Соның бірі Әмірхан Әтенұлының жетекшілігімен дипломдық жұмысын орындап, алған батасымен кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, көп жылдары университетіміздің ректорлық лауазымын атқарған Қазыбай Қараұлы Бозымов. Ағамыз өзінің қабілеттілігімен, ізденімпаздығымен, қажырлы еңбегінің арқасында елге танымал ғалым, ұстаз, азамат болып қалыптасты.

Қай кезде де адамды бақытты ететін отбасы десек, бұл ретте профессор Әмірхан Әтенұлының өмірлік сыңары бола білген Ажар апай. Қыздары да әкесінің өнегелі жолын қуып, еліміздегі танымал ғалымдар ретінде еңбек етуде.

Құрметті Әмірхан Әтенұлы, қайырлы жасыңыз құтты болсын, денсаулығыңыз мықты болсын, жұбайыңыз Ажар апамызбен бірге қыздарыңыздың, немере-жиендеріңіздің ортасында және әріптестеріңіздің арасында ұзақ жыл жасауға тілектеспін!

Жоғары білікті аграрлық кадрларды даярлаудың бастауында

Е. Ғ. Насамбаев,
Әмірхан Әтенұлының шәкірті,
Батыс Қазақстан АШИ зооинженерлік
факультетінің 1977 жылғы түлегі,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың
«Ветеринарлық медицина және биотехнология»
факультетінің деканы,
Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
профессор

Біздің университеттің ардагерлерінің бірі Әмірхан Әтенұлы Қарасаев 2017 жылдың 9 мамырында өзінің 90 жасқа толған мерейтойын атап өтеді. Ол кісі жәй ғана ардагер емес, білім ордасының құрылуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан, жиырмамыншы және жиырма бірінші ғасыр тоғысында маман даярлау технологиясынның алғашқы іргетасын қалаған мамандардың бірі.

Әмірхан Әтенұлындай жандарды халық арасында «глыба», яғни өз ісінің абыройлысы деп атайды. Оның өмірінің ең маңызды тұсы – білім беру, аграрлық салаға қажетті білімді де білікті маман тәрбиелеу, еліміздің жас ұрпағына бағыт-бағдар беріп, тура жолға салу.

Иә, мерейтой иесі ұзақ та мағыналы өмір сүрді. Біздің қазақхалқында «көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» деген даналық бар. Әмірхан Әтенұлының қайғылы да қуанышты жылдар қатар алмасқан өмір жолы қызықты оқиғаларға бай.

Бұл мақаламда оқырманмен өзімнің ұстазым туралы естеліктеріммен бөлісе отырып, Әмірхан Әтенұлынан түрлі жылдары білім алған, тәлім-тәрбиесін көрген мыңдаған шәкірттерінің, менің замандастарымның ойы мен көңіл-күйін жеткіземін деп ойлаймын.

Әмірхан Әтенұлындай сан қырлы тұлғаның жан-дүниесін тану үшін оның өмірбаянына тереңірек үңіліп, өз халқының ұлтжанды азаматы, танымал ғалым, ұлағатты ұстаз, жастардың ақылшысы, данагөйі ретінде қалыптасу жолдарын жақсы білген жөн.

Қарасаев Әмірхан Әтенұлы Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінде мұғалім болып қызмет еткен әкесі жалғыз ұлының бойына бала кезден білімге құштарлықты, ақыл-ойды сіңіре білген. 9 жасында бесінші сыныптың тапсырмасын еркін меңгеріп, оқуға бейімділігімен дараланған.

Әкесінің қазасынан кейін, араға бірнеше жыл салып анасынан да айырылған Әмірхан Әтенұлының бұдан былайғы өмірі қиындық пен жоқшылыққа толы болған. Әкесінің туған інісі Шәпенді «Халық жауы» деп жазалап, жер аударып жібергеннен кейін өзін және ағасының отбасын асырау үшін балық аулаған. Бұдан кейінгі зұлматты соғыс жылдарында тылда ересектермен тең дәрежеде еңбек етіп, жеңісті жақындатуға үлесін қосқан. Соғыстан кейінгі қиын-қыстау жылдар, жоқшылық, ауыр еңбек Әмірхан Әтенұлының мінезіндегі төзімділік пен қайсарлықты, ерік-жігер мен өжеттілікті қалыптастырған. Тағдырдың түрлі сынағымен күресіп жүріп, білім алу туралы арман-мұратын еш ұмытпаған.

Ауыл шаруашылық техникумының мал шаруашылығы курсы мерзімінен бұрын үздік тәмамдаған, Батыс Қазақстан облысының Казталов және Фурманов аудандарында шаруашылықтарда зоотехник болып қызмет атқарған, Саратов зооветеринарлық институтын, Алматыдағы Қазақ мал шаруашылы ғылыми-зерттеу институтын үздік бітіріп, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаттығына

диссертациясын үздік қорғаған Әмірхан Әтенұлының 1964 жылдан бергі ғұмыры біздің университет қабырғасындағы ғылыми-педагогикалық, қоғамдық қызметке арналды. Әмірхан Әтенұлы университеттің кадрлық және интеллектуалдық потенциалын қалыптастырудың, білім беру және оқыту процестерін дамытудың, қазіргі ұғыммен айтқанда ұжымға корпоративтік рух-сананы енгізудің бастауында тұрды десем еш қателеспеймін.

Ұстазымыздың бойындағы ең басты қасиет – барлық жетістікке адал еңбектің арқасында қол жеткізе білгендігі. Адамгершілік, адалдық, жауапкершілік – оның ұзақ жылғы еңбек жолындағы айнымас ұстанымдары, әріптестері мен шәкірттерінің жетістігі мен жеңісіне шын қуана білу, ал қайғысын өзінікіндей қабылдап, қайғыра білу де Әмірхан Әтенұлының шынайылығын, қарапайымдылығын, адамгершілігін айшықтайды.

Әмірхан Әтенұлы «Адам жастықпен, білместікпен көп қателіктер жасайды. Ондай жағдайда асығыс шешім қабылдамау керек, әр шешімнің артында адамның тағдыры бар. Жастарды шыдамдылықпен тәрбиелеу керек, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіндіріп, үйрету керек» деп үнемі айтып отырады. Ұстазымыздың тәлім-тәрбиесін көріп, бағытын алған шәкірттері өмірден өз орнын адаспай таба білді.

Біздің университетте ол ғылыми-педагогикалық қызметтік барлық сатыларынан өтті. Доцент, ұзақ жылдар жеке мал шаруашылығы кафедрасының меңгерушісі, мал шаруашылығы тағам өнімдерін өңдеу технологиясы кафедрасының профессоры болып абыройлы еңбек етті. АӨК мен экономиканы дамыту тақырыбындағы 200-ден астам ғылыми мақаласын, оқу-әдістемелік еңбектерін жарыққа шығарды. Ал 1990 жылы басылып шыққан «Сүт бағытындағы ірі қара шаруашылығын интенсификациялау» тақырыбындағы оқу құралы күні бүгінге дейін оқытушылар мен студенттердің көмекшісіне айналып отыр. Өткен өмірге көз жүгіртер болсақ, біз шәкірттері, ұстазымыздың берік ұстанымын «Оқыту арқылы тәрбиелеудің» өміршеңдігі мен маңыздылығын әлі күнге дейін жоғалтпай отырғандығын аңғарамыз. Ол кісіден білім алған шәкірттері, республика мен облыстың ірі ауыл шаруашылық құрылымдарының басшылары, мемлекеттік ауыл шаруашылық органдарының танымал мамандары Әмірхан Әтенұлын үлкен ризашылықпен еске алады, өте қадірлейді.

Әмірхан Әтенұлы ұстаздық қызметпен қоғамдық қызметті қатар атқарған жан. Халықтық бақылаудың штаттан тыс инспекторы, партиялық бюроның хатшысы, «Білім» қоғамының құрметті лекторы, экономиканың түрлі салаларында заманауи ғылым мен техниканы енгізу қоғамының насихатшысы, университеттің соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, Орал қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы. Оның көптеген маңызды трибуналардан жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде тіпті есеп жоқ. Осындай сан салалы, жан-жақты қоғамдық міндетті абыройлы орындаудағы терең білімділігі, өмірлік тәжірибесі, берік азаматтық ұстанымы шәкірттері үшін үлкен өнеге.

Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін ұзақ жыл атқарған ол алдына көмек сұрап келген әр адамның тағдырына үлкен құрметпен, ал мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Соғыс және тыл ардагерінің әрқайсынының жағдайын жақсы білетін, көмектесу үшін жанын салатын.

«Ұстаз бақыты, асып туған шәкірті» демекші, Әмірхан Әтенұлы өз шәкірттерімен мақтана алады. Олардың қатарында тек елімізде ғана емес, алыс-жақын шет елдерге есімдері танымал ғалымдар, оқу орындарының жетекшілері, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, ауыл шаруашылық құрылымдарының басшылары бар. Ұстазымыздың ұзақ жылғы жемісті еңбегі лайықты бағаланып, көптеген грамоталармен, медальдармен, алғыс хаттармен марапатталды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хаты табысталды.

Біздің ұстазымыздың керемет үлгілі отбасы бар. Мейірімі жүзінен төгіліп тұратын Ажар апамыз, қамқорлап, әлпештеп отырған қыздары бар. Үлкен қызы – ғалым-дәрігер, ортаншысы – музыкант, кіші қызы Ардақ ғалым-экономист.

Әмірхан Әтенұлы университетпен байланысын ешқашан үзген емес. Жастармен кездесіп, сұхбаттасып, білім ордасының тарихы туралы әңгімелеп, ақыл-кеңесімен бөлісіп отырады. Ұстазымыздың өнегелі өмір жолы шәкірттері үшін үлкен өмір мектебі. Ұстазымыздан үлгі аламыз, ұстазымызбен мақтанамыз. Ортамыздан табылып, тірегіміз, ақылшымыз, тілекшіміз болып жүрген Әмірхан Әтенұлына мерейлі жасыңыз құтты болсын, жас ұрпаққа береріңіз әлі де көп, жүз жасаңыз деген жүрекжарды тілегімді арнаймын!

Ақылшы ағамыздың өнегесі

Т. Х. Рысқалиев,
философия ғылымдарының докторы,
профессор

Әмірхан Әтенұлы туралы бұрын да жазып едім. Тағы да қолыма қалам алып отырмын.

Мен бұл кісінің сабағына қатысып, дәрістерін тыңдап көрген жоқпын. Бірақ әртүрлі жиындарда, отырыстарда әңгімелерін, өлеңдерін, өсиет сөздерін, баталарын тыңдап жүрдім. Содан: «бұл кісіге жақын жүру керек екен, бұл кісіден үйрену керек екен» деген ойға келдім.

Философияның бір анықтамасы - даналық, негізгі қызметтерінің бірі –аннан-мыннан даналықты іздеу, даналықты тарату.

Даналық діннен де, әдебиеттен де, нақыл сөздерден де, күнделікті өмірден де табылады. Сонымен бірге біз даналықтың үлгісін Әмірхан Әтенұлы сияқты көпті көрген, көп нәрсені көңіліне түйген, өмір тауқыметін бастан кешкен, көзі ашық, түсінігі мол қариялардың өмірінен, сөзінен, іс-әрекетінен, қарым-қатынасынан аңғарамыз.

«Қариясы бар ауылдың ақылдан дариясы бар» дейді. Немесе: «Үй артында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең, ауылында қария болса, жазулы тұрған хатпен тең» - дейді қазақ.

Әбекең туралы жазылған бір мақаламды «Арамыздағы абыз ақсақал» деп атап едім. «Абыз» деген араб сөзінің мағынасы - халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, наным-сенімін жете білетін, баталы сөзі бар, естігенін есте сақтап жүретін, білімді әрі беделді адамға арнап айтылатын сөз. Әбекеңнің бойынан да осы қасиеттер табылатын болған соң «абыз аға» деп айтқаным сол еді.

Әбекеңде абыздарға тән даналық та, байыптылық та, шешендік те, ақындық та, тапқырлық та, тура сөзбен турап айтатын батылдық та бар. Тұла бойы тұнып тұрған тағылым, өнеге. Әртүрлі жағдайда кездесіп, әңгімелерін тыңдап жүрміз. Көп жәйттар жөнінде ойланасың, «қалайша аңғармадық, байқамадық» деп кейде опынасың.

Жастарға, кейінгі ұрпақтарға үлгі, өнеге болсын деп жазған «Ұлағатты өмір өрнектері» (Орал қаласы, 2007 ж.) деп атаған кітабын Әмірхан Әтенұлы былай бастаған екен: «Адам баласының өмірі қуаныш пен күйзеліске, кеңшілік пен кемшілікке, молшылық

пен жоқшылыққа, қолдамаған шабытқа, қона алмаған бақытқа, жете алмаған арманға толы». Бұл – алма-кезек ауысып тұратын табиғи заңдылық». Тоқсан жыл ғұмыр кешіп, өмірдің ащысын да, тұщысын да танып өскен Әбекең сияқты ағалардың айтары, әрине, аз емес.

Он жастан аса бере әкеден де, анадан да айырылып, жетімдік көрген баланың өсіп жетілуі, адам болуы, азамат болуы, кейін ұлағатты ұстаз, ғалым болуы неше түрлі қиындықтарға, күйзелістерге, жеңістерге, жетістіктерге толы болғаны даусыз.

Осы үрдісте ағамызды алға жетелеген, қатарға қосқан, атын шығарған қайсар мінезі, ерік-жігері, табандылығы, білімге, еңбекке құмарлығы, әке өсиетіне адалдығы болса керек.

Әмірхан Әтенұлы Астраханда мұғалімдер мектебін бітірген әкесінің көз жұмарында айтқан: «оқудан, ізденуден қол үзбе, қиындықтарды жеңе біл» деген өсиетін өмір бойы есте ұстап келеді және бүкіл ғұмырымен ақтап келеді.

Ағамыз кездескен қиыншылықтармен күресе білді. Бетке ұстаған бағытынан таймады. Арманына жету үшін қандай жұмыстан да бас тартпады. Ерте еңбекке араласты, мал бақты, «он бесінде бас болып», бригадир болды. Өскен ортасы да қол ұшын берді. Кеңес үкіметі жетімдерге қамқор болды. Бірақ та көп нәрсе адамның өзіне байланысты екенін ағамыз түсіне білді.

Философияда, педагогикада «инфантилизм» деген түсінік бар. Латын тілінде балалықты, шалалықты білдіреді. Әдетте бұл індетке арқа сүйер ата-анасы бар жастар жиі тап болады. Оларанаған-мынаған сүйеніп, қара басын алып жүре алмай, жиырмасында да, отызында да бала болып, ата-анаға, қоғамға масыл болады. Еңбекке немқұрайлы қарап, жауапкершілікті білмей өседі. Қазақтың «болар бала он бесінде бас болар, болмас бала қырқында да жас болар» деген сөзін соларға арнауға болады.

Әмірхан ағамызды елде қалыптасқан қиын-қыстау кезең ерте ержетуге жетелепті. Бұл кісі оқып, білім алып, маман болу арманын әр кез есте ұстаған. Мал мамандарын даярлайтын алты айлық курста, сосын ауыл шаруашылық техникумында оқып, зоотехник мамандығын меңгереді. 1949 жылы Фурманов ауданындағы №28 жылқы зауытына аға зоотехник болып жұмысқа орналасады. Білімінің әлі де жеткіліксіз екенін түсініп, 1952 жылы Саратовтың зоотехникалық-малдәрігерлік институтына оқуға түседі. Оны 1957 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Батыс Қазақстан облысының шаруашылығында төрт жыл жұмыс істеп, Алматы қаласындағы

Қазақтың мал шаруашылық ғылыми зерттеу институтының күндізгі аспирантурасына конкурс арқылы оқуға түседі. Аспирантураны 1964 жылы бітіріп, уақытында кандидаттық диссертациясын қорғайды.

Міне, өне бойы оқу, өне бойы ізденіс, оқу мен практиканы ұтымды ұштастыру ағамызды нағыз профессионал, ғалым-маман етіп шығарады.

Ауыл шаруашылық министрлігінің жолдамасымен Орал қаласында жаңадан ашылған ауыл шаруашылық институтына жұмысқа орналасады. 37 жыл бойы осы оқу орнында жұмыс істеп, оқытушылық қызметтің барлық сатыларынан өтеді: ассистент, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, кафедра профессоры қызметтерін атқарады. Арасында факультеттің партия ұйымын, халықтық бақылау комитетін басқарады.

Профессор Әмірхан Қарасаевтың 15 монографиясы, 300-ден астам ауыл шаруашылығы саласының экономикасы, мал өнімдерінің технологиясын жетілдіру, кадрлар даярлау ісі, озат тәжірибелерді насихаттау туралы ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалары жарық көрген.

Ұзақ жылдардағы ерен еңбегі үшін «ҚСРО жоғары оқу орындарының үздігі» атағына ие болып, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің грамотасымен, Елбасының алғыс хатымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Бүкілодақтық, республикалық, облыстық «Білім» қоғамының грамоталарын алған, Республикалық санаттағы лектор, облыстың «Таңдаулы лекторы» атағына ие болған.

Көпті көрген қария ретінде Әмірхан Әтенұлы елдегі ахуалды үнемі ой елегінен өткізіп, ел басқарып отырған басшыларға, әкім-қараларға ақыл-кеңесін айтып отырады. Жоғарыда аталған кітабында «Әкімдердің назарына» деген өсиет тілектері бар.

«Барлық жұмысты өзіңіз істеуге ұмтылсаңыз өзіңіздің міндетіңізді атқаруға уақытыңыз жете бермейді» - деген тілек айтыпты. Әркім өз орнын, өз міндетін білсе деген тілек қой.

«Міндетін мінсіз атқара білетін саналы қызметкер тәрбиелеу – басшы үшін үлкен мәртебе болар еді». Бұл да орынды. Президент тайға таңба басқандай етіп үкіметке, министрлерге, әкімдерге талдап-талдап тапсырмалар береді, «100 қадам», ана басымдық, мына басымдық деп таратып береді. Бірақ сол тапсырмалар дер кезінде сапалы түрде орындала бермейді. Мемлекеттік қызметкерлерге сенім арту заңды, тек сол сенімді ақтау үшін жауапкершілік керек, тәртіп керек. «Қызметкерлеріңіз темірдей тәртіп ұстанса, іскерлік

жауапкершілігі де болаттай қатаяды» деген тағы бір тілек білдіреді ақылшы ағамыз.

Басшыға қарамағындағы қызметкерлермен ақылдасу да артық болмайды. Бірақ «пікірталасқа араласқан кезде өз ойыңызды қысқа да нұсқа, ұтымды түйіндеуге тырысыңыз». «Көп сөз қола, аз сөз алтын» деген қағиданы есте ұстау керек.

Тағы бір тілегі: Басшының парасаттылығы ұлтымыздың арнамысын, салт-дәстүрін, тілін, дінін, мәдениетін қастерлеп, халық игілігіне айналдыра білуінде» (Қараңыз: Әмірхан Қарасай тегі «Ұлағатты өмір өрнектері». Орал қаласы, 2007, 136-137 бб.)

Әмірхан Әтенұлы ұстаз ретінде де, университеттегі, қаладағы ардагерлер кеңесін басқарған кезде де мемлекеттік тіл мәселесіне айрықша көңіл бөліп, талай жиындарда тілдің қадір-қасиеті туралы аталық сөзін айтты.

«Оқу орындарында мемлекеттік тілге түпкілікті назар аударылуы тиіс», - деп жазады автор. «Жастарға күнделікті тілінің тазалығы, ой-өрісі, білім-дәрежесі, сана-сезімі, мінез-құлқы, ұлтжандылығы, сыйласу үрдісі, қарапайымдылығы, мәдениет деңгейі, адамгершілік қасиеттері - болашағының негізгі нысандары екенін ұқтыру керек.

Әбекеңнің түсінігінде:

Тілі жоқтың ұлты жоқ,
Ұлты жоқтың діні жоқ.
Діні жоқтың үні жоқ,
Топқа түссең пұлы жоқ,
Пұлы жоқтың міні жоқ.
Бағы жоқтың қаны жоқ,
Қаны жоқтың жаны жоқ.
Жаны жоқтың сөзі жоқ,

Сөзі жоқтың өзі жоқ. Тіл құдіретін ағамыз осылай сипаттайды. (Сонда, 135 б.).«Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деген Ахмет Байтұрсыновтың сөзін есімізге салады.

Әмірхан Әтенұлының тағы бір қыры, ерекше қасиеті-келістіріп бата беретіні. Бата беру де оңай шаруа емес. Батагөй адамға үлкен жауапкершілік артылады. Талай жиындарда, отырыстарда ағамыздың әртүрлі тақырыпты қозғайтын терең ойлы баталарын тыңдап, ғибрат алып жүрміз.

Әбекеңнің батасы көркем әрі өлеңмен айтылады. Түркістан қаласында өткен сөз өнері сайысында ағамыз өлеңмен бата беруден бас жүлдені жеңіп алған болатын.

Үлгі ретінде мына батасын келтірейін:

Күн жадырап нұр шашып,
Қазақ елі жайнасын
Ынтымағы нығайып,
Еселі еңбек қайнасын.
Бейбіт өмір сыйлаған
Береке берсін еліме.
Бар игілік ұлассын
Құт дарыған жеріме.

Елімнің кен байлығы
Газы менен мұнайы.
Түсті металл, көмірі
Сарқылмасын ұдайы.

Егін мен мал ырысы,
Атадан қалған төл ісі.
Малға толып қорасы
Кеңейе берсін тынысы.

Халқым-елдің данасы
Көтеріле берсін санасы
Желбіреп көк байрағы
Гүлденсін қазақ даласы.

Халқымның өсе берсін дәрежесі
Бұл – дағы егемендік бір белгісі.
Қазақты бар әлемге мойындатқан
Молайсын Елбасының өнегесі... (сонда 78б.)

Нұрсұлтан Назарбаев алғаш Президент болып сайланғанда инаугурацияда 90-ға келген Шәкір Әбенов деген данагой ақынның табанда тауып айтқан батасын тыңдап, кейіннен газеттен де оқып едік. Бата нақты болса өтімді болады. Біреудің айтуымен, бағыттауымен айтылған, болмаса алдын-ала әзірленген жаттанды бата әсерлі болмайды.

Президенттің айналасындағы адамдар да Шәкір ақсақалға «былай айтқан жөн болар» деп бағыт бермек болыпты. Сонда қария: «Әй, шырағым, қойшы. Құдай аузыма не салады, сол сөзді айтам да» дейді.

Бата деген киелі Құдай сөзі деуге болады.

«Қазақта бата деген екі түрлі болады, - деді Шәкір ақын Елбасына. – Бірі – негізгі бата, екіншісі - лебізді бата. Негізгі бата - халықтікі. Ел – жұрт қастерлеген басшысына адал, қызметі үшін батасын өзі береді. Ал, лебізді бата дегеніміз - халықтың тапсырған аманат – тілегі, келешекке апаратын үміт – сенімі» («Егемен Қазақстан» 28 желтоқсан, 2016 ж).

Әбекең, өзі айтқандай, көптен бері сөз тізгініне жармасып келеді. Сөз тізгінін ұстай алғанына, сөз өнерін меңгергеніне ағамыздың жарық көрген кітаптары, мақалалары, әр кезде әр жерде айтылған сөздері айғақ болады.

Әбекеңдей данагөй адамдарды мазалайтын мәселе: сөзді кімге айту керек? Сөз танырлық кісілер қайда? Осы жөнінде ағамыздың айтқаны:

Сөзді: Сүйсіне мән бергенге,
Көңілге сән бергенге.
Жадырай ой бөлгенге,
Ескіні жөн көргенге,
Пейілін мол бөлгенге,
Ұнамды сөз білгенге,
Сыр шертер кез келгенде,
Айтқаныңды құп көргенге,
Мәніне ой түйгенге,
Лайықты деп жүргенге
Айтарыңды айтып қал.

Әмірхан Әтенұлының ақындық қабілетін де айналасындағылардың бәрі біледі. Ағамыз әдетте мерейтойлардағы, үйлену тойларындағы, тұсау кесер, баланы бесікке салу сияқты салт-жоралардағы сөзін, тілектерін әрдайым әдемі өлеңмен жеткізеді.

Жарық көрген өлеңдерінің атыда ағамыздың ойшылдығын, терең түсінігін аңғартады: «Адамда қандай белгі болады?», «Қандай дос керек?», «Үмітсіз жан бола ма?», «Пір тұту», «Қадір тұту», «Біздің қазақ», «Аңсаған асыл арман», «Төрт құбылаң түгел ме?», «Өмір таңбасы», «Дүниеде басы артық не бар?», «Адамға не қажет?», «Жан серігің қандай?», т.т.

«Адамға не лайық?» деген өлеңін оқып көрейік:

Ақ құба болсаң егер жазық маңдай,
Кезіккен адам оған таң қалғандай.
Күлімдеп ибалылық танытса егер,
Қазақтың нар қасқасы тап болғандай.

Адамға үйлеседі ұстамдылық,
Жайдары, жарасымды мінез-құлық.
Байсалды, ілтипатты лебіз болса,
Әрқашан сездіреді сыпайылық.

Әркімге қажет болар білімпаздық
Өмірге оқу-өнер болар азық.
Ғалымдар таусылмайтын шегін сезіп,
Депті ғой инеменен құдық қаздық.

Қажет қой өмір үшін мәдениет.
Білінген шын жүректен адал ниет.
Салмақтап дәл айтылған өткір сөзді
Әрдайым түсінетін халқың білед...

Әбекең кітабында жастарға сабақ болсын деп шығарған жұмбақ өлеңдері бар. Бұлардан да ағамыздың ақындығымен қатар ойшылдығы анық аңғарылады.

Әмірхан мұны айтқан Сізге тағы
Құс көрдім өзі жансыз, бір аяғы.
Теңізде салған жолы сайрап жатыр.
Замандас, ойлап шешші мұны дағы.

Шешуі былай екен:

Шешуін бұл жұмбақтың ойыма алам,
Жалғыз құс бір аяқты болар қалам.
Теңізің – ақ қағаз да, жолың – жазу,
Шешуі осылайша болар тәмам.

Келесі жұмбағы:

Атыңнан айналайын су жасаған,
Кездесер жылқы ішінде бір қашаған.
Ойласаң өмір деген бір ағын су,
Бар ма екен бұл дүниеде мыңжасаған?

Шешуі:

Адамды ардақтаймыз көп жасаған,
Ажал да аңдып тұр ғой бір тасадан.
Өмірдің қызықтарын жасқа балап,
Ұлықпан хакім өткен мың жасаған.

Арамызда, айналамызда жасы жеткен қариялар баршылық. Бірақ Әбекеңдей үлгі болар, үлкенге де, кішіге де айтар сөзі бар дана ақсақалдар сирек кездеседі.

Әбекеңді әлі де арамызда ақылшы болып жүре тұрса екен деп тілейміз.

Осы жасқа Әмірхан Әтенұлы жинақы, сергек күйде жетіп отыр. Мұның бір себебі – өмір бойы саламатты өмір салтын ұстай білгеніне байланысты. Адамның жауапкершілігі қызмет бабымен, отбасындағы сыйластықпен, ұрпақ тәрбиелеумен бітпейді. Әркім өз денсаулығы үшін де жауапты дейді ағамыз. Тәртіп, режим, емдәм (диета) – өмірдің заңы.

Уақытымен тұрады, уақытымен жүреді. Соңғы кездерге дейін күніне үш-төрт шақырым серуендеп келу бұл кісінің дағдысына айналды. Марқұм Амангелді Дәрібаев айтатын еді: «Әмірхан ағам мені сүйрелеп жүріп, ауруымнан да, сол аурумен келген енжарлығымнан да арылтты» - деп. Бұған өзіміз де куә болғанбыз.

Ағамыздың көңіл-күйінің әрқашанда көтеріңкі жүруіне жеңгеміз Ажардың сіңірген еңбегі шексіз. Бұл жөнінде ағамыздың өзі айтсын:

Мүшелтой енді, кемпір, құтты болсын,
Шаңырақ қуанышқа әбден толсын.
Аспанда ай жарқырап, жұлдыз күліп,
Ойлаған тілегіміз қабыл болсын.
Жақсылық бұл дүниеде өмір сүрген.
Шаттанып зайыбыңмен бірге жүрген.
Дүниеде содан артық табылмайды.
Кезінде сыйласумен ойнап күлген.

Тамаша ерлі-зайып сыйласқаны,
Куәсі қызық өмір ұласқаны.
Ағайын, дос-жарандар мақтан етсе,
Емес пе тұрмыстың ол жарасқаны...

Міне, осылай сыйластықта, түсініктікте аға-жейгей ұзақ жылдар өмір сүріп келеді.

Қымбатты Әмірхан аға! Арамызда ақылшы болып, аузы дуалы, сөзі уәлі ақсақал болып жүре беріңіз.

ҰСТАЗЫМ, ТОҚСАН ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН

Б. Т. Төлебаев,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан
Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Батыс
Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының
1971-1976 жылдардағы түлегі.
Орал қаласы, 2017 жыл.

Ұстазым Әмірхан Әтенұлына

Тыңдадым, шәкірттің боп дәрісінді,
Шәкірттер мал өсірген маман болды.
Тыңдырдың тыңғылықты әр ісінді,
Еселі еңбек еткен заман болды.

Жауап бердің сұрағанға «лекер» деп,
Тоқсан деген мықты келе жатқасын,
Бұл өмірді айтпадыңыз «шекер» деп,
Ащысын да, тұщысында татқасын.

Шалқып бір бар дариядай тасқанменен,
Пейіл кең, көңіл де кең, даладаймыз.
Алпыстың асуынан асқанменен,
Біз әлі, сіз тұрғанда баладаймыз.

Бір жас бар тоқсан деген жүз алдында,
Бар оған жекткендерде, жетпегенде.
Бір жаз бар жадыраған күз алдында,
Күз келмес тамыз тамып кетпегенде.

Ұстазым, тоқсан жасың құтты болсын,
Өзіңіз сол тоқсанның күйін ұғар.
Жүзде де денсаулығың мықты болсын,
Сөздің де тобықтай тек түйіні бар.

ӘМІРХАН ӘТЕНҰЛЫ ҚАРАСАЕВҚА

Көп әлі айтарыңыз, жазарыңыз,
Сол қалпы жадыңыз бен назарыңыз.
Қызғыштай үлкендіктен қорғар сізді,
Жеңгеміз, құдай қосқан Ажарыңыз.

Сіз біздің қадыр тұтар ардағымыз,
Ішейік саулық үшін барда қымыз.
Әкелеп мойныңызға асылады,
Еркелеп кенже қызың, Ардағыңыз.

Айрылып қамқор әке-данаңыздан,
Айрылып ақ сүт берген анаңыздан.
Әбеке, жетім өсіп, жетілдіңіз,
Сол жылдар өшер емес санаңыздан.

Құнарлы білім-ғылым топырағы,
Түрендеп дән сепкенде қопырады.
Профессор Әбекеннің жан-жағында,
Құрметтеп шәкірттері отырады.

Әбеке, сексен бестей жасыңызда,
Шалқыған дәриядай тасыңыз да.
Шәкіртсіз-ұстаз тұл ғой, құдай беріп,
Шәкірттер толып отыр қасыңызда.

Қоштасып қырықпенен, елуменен,
Жеттіңіз сексен беске желуменен.
Айтамыз құтты болсын жасыңызға,
Құттықтап сексен беске келуменен.

Сексен бес алыс емес елуге де,
Болатын жорғалардай желуге де..
Сексен бес-тоқсаныңнан бес жас кіші,
Болады сексен беске келуге де.

Жеттіңіз сексен беске желе беріп,
Мерейлі талай жасқа келе беріп.
Ғылыми мектебіңіз өркендесін,
Шәкірттер соңыңыздан ере беріп.

Жаның қас қабақ шытып жекірумен,
Мазасын кішілердің кетірумен.
Алдағы асулардың бәрін алып,
Жеттіңіз сексен беске секірумен.

Жылдарды өте шыққан жоқтамастан,
Жетіңіз тоқсанға да тоқтамастан.
Кең пейіл, ақ көңілді азаматсың,
Кимеген асаулықтан нокта бастан.

Жетіңіз тоқсан түгіл жүзіңе де,
Қыс алыс жеткен жоқсың күзіңе де.
Жас қосқан жылдарыңыз із салмасын,
Жайдары ашық жарқын жүзіңе де.

СЕКСЕН БЕС

Әмірхан Әтенұлына

Нағашысы анамның,
Ұғынғаны санамның.
«Адам-керуен, өмір-жол»,
Даналығы данамның.

Елге еңбек еткенде,
Із қалдырып кеткенде.
Сексен беске бар шығар,
Жетпегенде, жеткен де.

Қайырмасы:

Арман болған сексен бес,
Арнаң толған сексен бес.
Атақ ерген сексен бес,

Бата берген сексен бес.

Ақ түссе де басыңа,
Еріп жүрміз қасыңа.
Құдай берсе келерміз,
Біз де сенің жасыңа.

Шәкірттерге бек сенген,
Қош айттыңыз сексенге.
Қайта тумас нар тұлға,
Нарынқұмға ексең де.

Сөз қалады менен де,
Сөз қалады сенен де.
Туған жоқ қой қайтадан,
Жамбыл менен Кенен де.

Қайырмасы:

Арман болған сексен бес,
Арнаң толған сексен бес.
Атақ ерген сексен бес,
Бата берген сексен бес.

Ақ түссе де басыңа,
Еріп жүрміз қасыңа.
Құдай берсе келерміз,
Біз де сенің жасыңа.

Профессор Ә. Ә. Қарасаевтың ғылыми еңбектері

1967

1. Воспроизводство стада – основа для развития поголовья овец // Сельское хозяйство Казахстана. – 1967. - № 7. – С. 44-45.
2. Главное в развитии животноводства // Приуралье. – 1967. – 25 января. (Соавт.: В. Г. Плотников).

1968

3. Жизнь требует быстрого решения. Об экономической эффективности разведения эдильбаевских овец // Сельское хозяйство Казахстана. – 1968. – № 5. - С. 26-27. (Соавт.: Х. К. Кайргалиев).

1970

4. Коневодство – доходная отрасль // Орал өңірі. – 1970. – 11 қыркүйек.
5. Курс на высокую рентабельность // Приуралье. – 1970. - 8 июля.
6. Скотоводство Кзыл-Ординской области и пути его улучшения: автореф. дис...канд. с.-х. наук / Алма-Ата. – 1970. – 24 с.
7. Чудесный напиток // Қазақстан ауыл шаруашылығы. – 1970. - № 11. – С. 56.

1971

8. Больше внимания коневодству // Қазақстан ауыл шаруашылығы. – 1971. - № 1. – С. 42-43.
9. Местный скот поймы Сыр-Дарьи / В кн.: Повышение продуктивности животноводства в Западном Казахстане: труды Зап-Казахст. СХИ. – Саратов, 1971. – С. 54-58.

1972

10. Взаимосвязь между отдельными продуктивными качествами кавказских овец // Вестник сельскохозяйственной науки. – 1972. - № 11. – С. 127-129.
11. Лучшая характеристика рыбы // Слово лектора. – 1972. - № 8. – С. 4-5.
12. Он сегіз есе артық өндірілді. – Алма-Ата : «Қайнар», 1972. – 60 б. (Серіктес автор: Х. Коспаев).

1973

13. Батыс Қазақстанның мал шаруашылығы. – Алма-Ата : «Қайнар», 1973. – 144 б. (Серіктес авторлар: Э. Т. Сатканов, С. Токқожин, К. Г. Ахметов, Б. Гумаров, Э. Нуралиев, Б. И. Гераськин).
14. Мясная продуктивность скота различных пород в совхозе «Есенсайский» Уральской области // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1973. - № 5. - С. 102-103.
15. Рост и развитие ягнят различного породного происхождения за период подсосного содержания // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1973. - № 6. – С. 57-59. (Соавт.: Э. Т. Сатканов, Т. Х. Хабиев).
16. Увеличение производства говядины // МСХ Каз. ССР. Упр. пропаганды и науч.-техн. информации : Алматы, 1973. – 16 с. (Соавт.: А. Нургалиев).

1974

17. Мол ет қазынасы. – Алматы : «Қайнар», 1974. – 40 б. (Серіктес авторлар: Қ. Нұғыманов, Б. Ғұмаров).

1975

18. Батыс облыстарда ірі қара өсіру. - Алматы : «Қайнар», 1975. – 154 б. (Серіктес автор: Б. Ғұмаров).
19. Откормочные качества местного скота Прикаспия // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1975. - № 5. – С. 69-72. (Соавт.: Ж. Шугаипов).
20. Рост развитие, экстерьерные особенности и молочная продуктивность казахских верблюдов-бактрианов и их гибридов I поколения с дромедарами : сб. науч. работ / Саратов. СХИ. - 1975. – вып. 61, Ч. I. - С. 116-119. (Соавт.: Н. Бекбосынов).

1976

21. Интенсивное выращивание молодняка крупного рогатого скота на мясо // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1976. - № 4. – С. 79-82. (Соавт.: К. М. Кусаинов)
22. Продуктивность качества скота различных пород в совхозе им. М. И. Калинина Гурьевской области: сб. науч. трудов / Саратов. СХИ. – 1976. – вып. 80. - С. 13-17. (Соавт.: Ж. Шугаипов).

23. Программа производственной практики студентам IV и V курсов зооинженерного факультета. – Уральск: Зап-Казахст. СХИ. – 1976. – 17 с. (Соавт.: В. А. Петровская, Э. Т. Сатканов, А. Р. Рустенов, Г. А. Аверьянов, М. М. Нуралиев).

1977

24. Убойные качества молодняка казахской белоголовой породы скота // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1977. - № 5. – С. 73-75. (Соавт.: Т. Х. Хабиев).

1978

25. Мясные качества скота различного породного происхождения в условиях Гурьевской области : сб. науч. трудов / Саратов. СХИ. – 1978. – вып. 114. - С. 7-12.
26. Система ведения животноводства // Рекомендации по системе ведения сельского хозяйства Уральской области. – Алма-Ата: «Кайнар», 1978. – С. 167-239. (Соавт.: Э. Т. Сатканов, Б. К. Джумашев, М. М. Нуралиев, А. Р. Рустенов, К. Г. Кудряков).

1979

27. Взаимосвязь между продуктивными признаками коров красной степной породы // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1979. - № 2. – С. 68-70. (Соавт.: Т. Н. Петкевич).
28. Продуктивность и фенотипические корреляции между селекционируемыми признаками у овец Кавказской породы // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1979. - № 11. – С. 60-65. (Соавт.: Г. К. Молдашев).
29. Продуктивность чистопородных и помесных баранчиков от скрещивания Кавказских маток с баранами различных пород // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1979. - № 11. – С. 60-61. (Соавт.: Г. К. Молдашев).

1980

30. Влияние раздоя на формирование вымени и его функциональные свойства синтементальных коров-первотелок / В кн.: Кормление, содержание и разведение сельскохозяйственных животных и птиц. - Саратов, 1980. – С. 7-13. (Соавт.: В. Е. Беглецов, Б. И. Гераськин, Е. Г. Насамбаев).
31. Мясные качества бычков-кастратов различных пород в условиях Уральской области / В кн.: Кормление, содержание и разведение

сельскохозяйственных животных и птиц. - Саратов, 1980. – С. 34-38.

1981

32. Влияние мочевины и микроэлементов на откормочные качества животных // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1981. - № 3. – С. 63-65. (Соавт.: Т. Н. Петкевич, Т. Н. Тлепбергенов).

1982

33. Выше уровень сельскохозяйственных знаний // Приуралье. – 1981. - 16 июля. (Соавт.: Н. Бойко).
34. Ірі қара шаруашылығында малды асылдандыру. – Алматы : «Қайнар», 1982. – 176 б. (Серіктес авторлар: Т. Х. Хабиев, Б. И. Гераськин, Б. Ғұмаров).

1983

35. Сияр етін мол өндірейік. – Алматы : «Қайнар», 1983. – 16 б. (Серіктес автор: Ә. Нұрғалиев).

1984

36. Взаимосвязь между молочной продуктивностью и живой массой коров в условиях Уральской области // Пути совершенствования племенных и продуктивных качеств животных в Поволжском регионе: сб. науч. тр. – Саратов, 1984. - С. 29-35. (Соавт.: В. Е. Беглецов).
37. Взаимосвязь между продуктивными признаками коров красной степной породы в совхозе Яйсанский Актюбинской области // Пути совершенствования племенных и продуктивных качеств животных в Поволжском регионе: сб. науч. тр. - Саратов, 1984. - С. 19-22. (Соавт.: Л. А. Киселева).
38. Ірі қара етін өндіру технологиясы // Зооинженердің анықтамалығы. – Алматы, 1984. – Б. 43-75. (Серіктес автор: Б. И. Гераськин).
39. Продуктивность первотелок, полученных от скрещивания симментальских коров с быками черно-пестрой породы // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1984. - № 6. – С. 66-67. (Соавт.: Л. А. Киселев, Т. Н. Петкевич).

40. Программа производственной (преддипломной) практики для студентов IV курса зооинженерного факультета / Зап-Казахст. СХИ. – Уральск, 1984. – 26 с. (Соавт.: К. Г. Кудряков, В. И. Юров, В. Е. Беглецов, А. Д. Дарбаев, К. К. Бозымов, Б. К. Джумашев, В. Г. Граф, Е. А. Давлетов, Р. Х. Мясоутов).
41. Сүт өндіру технологиясы // Зооинженердің анықтамалығы. – Алматы, 1984. – Б. 43-75. (Серіктес автор: Б. И. Гераськин).
42. Технология производства молока / В кн.: Справочник инженера. – Алма-ата, 1984. – 43 с.

1985

43. Методические указания по выполнению дипломных работ (проектов) студентами зооинженерного факультета по курсу «Местное животноводство» / Зап-Казахст. СХИ. – Уральск, 1985. – 31 с. (Соавт.: К. Г. Кудряков, А. Р. Рустенов, К. К. Бозымов, Е. Г. Насамбаев).
44. Методические указания по выполнению курсовой работы студентам очного и заочного обучения зооинженерного факультета по курсу «Скотоводства» / Зап-Казахст. СХИ. – Уральск, 1985. – 10 с. (Соавт.: Т. Н. Петкевич).
45. Продуктивные особенности помесных коров симментальской и черно-пестрой пород // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1985. - № 11. – С. 56-58. (Соавт.: Л. А. Киселева, Т. Н. Петкевич).

1986

46. Продуктивность помесных коров, полученных от скрещивания симментальской и черно-пестрой пород // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1986. - № 12. – С. 51-54. (Соавт.: Л. А. Киселева, Т. Н. Петкевич).

1988

47. Акклиматизация коров красной степной и симментальской пород в условиях Приуралья // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1988. - № 11. – С. 63-64. (Соавт.: Л. А. Киселева, Б. Д. Когабаев).

1989

48. Рабочая тетрадь для выполнения лабораторно-практических занятий по молочному делу студентам зооинженерного факультета / Зап-Казахст. СХИ. – Уральск, 1989. – 47 с. (Соавт.: Е. Г. Насамбаев).

1990

49. Тип кормления и молочная продуктивность коров в учхозе «Фрунзенское» Уральской области: тез. докл. конф. проф.-преп. состава Зап.-Казахст. СХИ. – Уральск, 1990. – С. 69-70. (Соавт.: Л. А. Киселева).

1992

50. Молочная продуктивность коров различного породного происхождения в совхозе «Плодоягодный» Уральской области: тез. докл. конф. проф.-преп. состава Зап-Казахст. СХИ по итогам науч.-исслед. работ за 1992 г. – Уральск, С. 89-91. (Соавт.: М. К. Кажмуратов, Е. Г. Насамбаев).
51. Практикум по скотоводству / Зап-Казахст. СХИ. – Уральск, 1992. – 109 с. (Соавт.: М. К. Кажмуратов).

1996

52. Батыс Қазақстан облысындағы «Айтиев» совхозында әр түрлі сиыр тұқымдарының сүт өнімділігі // Сб. науч. трудов: вопросы экономики, агрономии и зоотехнии, механизации, математики и педагогики. – Уральск, 1996. – С. 164-167. (Серіктес авторлар: М. Қ. Қажымұратов, Е. Г. Насамбаев).
53. Программа и рабочая тетрадь для оформления дневников и отчетов при сквозном практическом обучении студентов по специальности «Зоотехния» / Зап. Казахст. СХИ. – Уральск, 1996. – 86 с. (Соавт.: К. Г. Кудряков, Б. Т. Тулебаев).
54. О качественном составе разводимых пород молочного скота Западно-Казахстанской области // Сб. науч. трудов: вопросы экономики, агрономии и зоотехнии, механизации, математики и педагогики. – Уральск, 1996. – С. 179-182. (Соавт.: П. А. Насипов, М. К. Кажмуратов, Е. Г. Насамбаев).

1997

55. Ірі қара шаруашылығы пәнін жаттықтыру: оқу құралы. – Орал : БҚАУ, 1997. - 165 б. (Серіктес автор: М. Қ. Қажымұратов).

1999

56. О методике подготовки и чтения проблемных лекций по сельскохозяйственным специальностям // Сб. науч. работ: вопросы зоотехнии, механизации. – Уральск : ЗКАУ, 1999. – С. 166-169.

2002

57. Дәрібаев Амангелді Дәрібайұлы [Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті] : БҚМУ ғалымдары / Ә. Ә. Қарасаев. - Орал, 2002. - 25 б.

2014

58. Бордақылауға да "әскери" тәртіп керек... // Орал өңірі. - 2014. - 5 шілде. - Б. 6.

Профессор Ә. Ә. Қарасаевтың мақалалары

1. Баталы ел арымас // Жайық үні. - 2016. - 9 маусым.
2. Болашаққа бағдаршам // Жайық үні. – 2007. - 3 мамыр.
3. В канун праздника // Пульс города. – 2007. – 3 мамыр.
4. Қиянат көрген бір боздақ // Жайық үні. - 2013. - 23 мамыр. Мақалада жалған жаланың құрбандығына ілігіп , жазықсыз жапа шеккен Шәпен Қарасаев туралы айтылады.
5. Өтті өмір осылай // Орал өңірі. – 2007. – 8 мамыр.
6. «Пока я дышать и ходить умею – я буду идти вперед» // Приуралье. – 2007. – 8 мая.

Профессор Ә. Ә. Қарасаев туралы

1. Байтемиров Ш. КарасайтегиАмирханАтенулы : к 70 летию Победы / Ш. Байтемиров // Солдаты победы: Казахстан в годы Великой Отечественной войны 1941-1945. - Астана : ТОО "Тау-Кайнар": Золотая книга, 2015. - С.76-77.Статья о человеке, который не смотря на тяжелые испытания, выпавшие на его

- долю, всю свою жизнь неустанно боролся для того чтобы состояться как личность. Один из таких достойных людей - Амирхан Атенулы Карасайтеги, уроженец Жангалинского района.
2. Қарасаев Әмірхан Әтенұлы // БҚАТУ тарихындағы тұлғалар анықтамалық – История ЗКАТУ в лицах: анықтамалық / Жәңгір хан атындағы БҚАТУ. – Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ РББ, 2013. – Б. 97-98.
 3. Қарасаев Әмірхан Әтенұлы // Ерлікке тағзым. – Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ. – 2005. – Б. 100-102.
 4. Ученые Западно-Казахстанского государственного университета к 70-летию ЗКГУ: справочник. – Уральск : 2002. – С. 151.
 5. Ұлағатты өмір өрнектері. – Орал : Дастан, 2007. – 210 б.

Серіктес авторлардың атаулы көрсеткіші

- Аверьянов Г. А. 23
Ахметов К. Г. 13
Беглецов В. Е. 30, 36, 40
Бекбосынов Н. 20
Бозымов К. К. 40, 43
Бойко Н. 33
Гераськин Б. И. 13, 30, 34, 38, 41
Гумаров Б. 13, 17, 18, 34
Граф В. Г. 40
Давлетов Е. А. 40
Дарбаев А. Д. 40
Джумашев Б. К. 26, 40
Кажимуратов М. К. 50, 51, 52, 54, 55
Кайргалиев Х. К. 3
Киселева Л. А. 37, 39, 45, 46, 47, 49
Когабаев Б. Д. 47
Коспаев Х. 12
Кудряков К. Г. 26, 40, 43, 53
Кусаинов К. М. 21
Молдашев Г. К. 28, 29

Мясоутов Р. Х. 40
 Насамбаев Е. Г. 30, 43, 48, 50, 52, 54
 Насипов П. А. 54
 Нуралиев М. М. 23, 26
 Нуралиев Э. 13
 Нургалиев А. 16, 35
 Нұғманов Қ. 17
 Петкевич Т. Н. 27, 32, 39, 44, 45, 46
 Петровская Б. А. 23
 Плотников В. Г. 2
 Рустенов А. Р. 23, 26, 43
 Сатканов Э. Т. 13, 15, 23, 26
 Тлепбергенов Т. Н. 32
 Токкожин С. 13
 Тулебаев Б. Т. 53
 Хабиев Т. Х. 15, 24, 34
 Шугаипов Ж. 19, 22
 Юров В. И. 40

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Профессор Ә. Ә. Қарасаевтың әріптестері мен шәкірттерінің құттықтаулары.....	4
Профессор Ә. Ә. Қарасаевтың ғылыми еңбектері	39
Профессор Ә. Ә. Қарасаевтың мақалалары.....	46
Профессор Ә. Ә. Қарасаев туралы мақалалар.....	46
Серіктес авторлардың атаулы көрсеткіші.....	47